



Құрметті Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру мақсатында өткізілетін «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушылар! Мәртебелі меймандар! Әріптестер!



Qazaq jazýyn latyn әліпбиіне көшіріу:
jaһandaný jaғдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы

Атырау облысы әкімдігі мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткізіліп отырған «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қош келдіңіздер!

Конференция жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген еліміздің

алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруге арналып отыр. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің қазіргі ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар дәуіріндегі даму мәселесі де осы конференция жұмысының аясында қаралады. Бұл екі мәселе бір-бірімен тығыз байланысты, елдің болашағы мен ертеңгі дамуына зор ықпал ететін факторлар екендігі баршамызға аян.

Осы замандағы жас ұрпағымыз үш тілді болса (президентіміздің талабы) сонда ғана олар біздің мемлекетімізді әлемдік аренада ұтымды көрсетеді және еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктер ашылады. Біздің жастарымыздың потенциалы өте жоғары, сондықтан да біздің студенттер мен мектеп оқушылары әр уақытта әлемдік олимпиада, байқауларда жүлделі орын алып келеді. Бүгінде елімізде латын графикасын енгізуге байланысты ауқымды шаралар, ғылыми зерттеулер жүргізіліп жатырғаны баршаңызға мәлім.

Осы бағытта «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» тақырыбындағы халықаралық конференция нәтижелері осы маңызды мемлекеттік шараға өз үлесін қосарына сеніміміз мол.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Талтенов А.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры,
химия ғылымдарының докторы, профессор



Білім беру жүйесінің
мақсаты – бәсекеге
қабілетті маман дайындау

5



НӘУБЕТ ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ

8–9



ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР
ТАЛАСЫ

14

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру мақсатында өткізілетін «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Бұл тұжырымдама «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырумен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, бағдарламасын және шара тәртібін бекітеді.

Ұйымдастырушылар



Атырау облысының әкімдігі
Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 060011
Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77. www.atyrau.gov.kz



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212. www.asu.edu.kz

Мәртебе және қатысушылар

Конференция халықаралық деңгейде өткізіледі. Конференция жұмысына Еуропамен ТМД елдерінен, Қазақстаннан бүгінгі қоғамдағы коммуникация теориясы мен лингвистика саласы мамандары, еліміздегі қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің теориясы мен әдістемесін зерттеушілер, қазақ тілінің өзекті мәселелерін зерделеп жүрген ғалымдар, тіл жанашырлары, қоғам қайраткерлері мен білім саласының өкілдері шақырылады.

Ресми құжаттар

- Конференция тұжырымдамасы
- Конференция бағдарламасы
- Конференция материалдарының жинағы.

Жұмыс тілдері

Қазақ, орыс, ағылшын.

Өткізу мерзімі

5-6 маусым 2018ж.

Контекст

Ғылыми-техникалық прогресстің және заманауи медиа-коммуникацияның дамуына байланыстылатын графикасы барған сайын кеңінен таралып, қазіргі заманғы жаһандық медиакөңістіктің, ғылым, технологиямен, экономика әлемінің инновациялық әліпбиі болып саналады.

Латын әліпбиі әлемдегі ең көне алфавиттердің бірі ретінде қазіргі уақытта Еуропа, Америка, Азиямен Африка мемлекеттерінде пайдаланылады, ал басқаларында ғаламтор тілі ретінде қолданылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабелітті 30 елдің қатарына қосылуын мақсат етіп қойып отыр. Бұл ретте оны жүзеге асырудың бірден-бір жолы – ұлттың өзіндік болмысын сақтай отырып, заманауи технология жетістіктері мен білім жүйесін қабылдау.

Мемлекеттік тілдің дамуында қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына ауыстырудың рөлі лингвистикалық, ақпараттық, әлеуметтік, мәдени, философиялық және тарихи зерттеулерді қажет ететін құбылыс болып табылады.

Осы мәселе аясында жаһандану жағдайында ұлттық тілдің сақталуы, одан әрі дамуы және жаһандық коммуникациялық кеңістіктегі орны туралы мәселені қарастыру қажет.

Конференцияның негізгі мақсаттарының бірі теориялық мәселелермен қатар, Қазақстанның мемлекеттік тілін латын графикасына біртіндеп көшірудің әдіснамалық, практикалық, нормативтік-құқықтық, ақпараттық зерттеу болып табылады.

Осыған байланысты Атырау облысының әкімдігі және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылып отыр. Конференцияға қатысу үшін лингвистика саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер шақырылды.

Негізгі шаралар

Конференция аясында бірнеше шара өткізу жоспарлануда, соның ішінде пленарлық мәжіліс және 3 секция:

1. Жаһандану кезеңіндегі әлемдік коммуникациядағы латын графикасының рөлі;
2. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: әлемдік тәжірибе және ғылыми-әдіснамалық ұстанымдар;
3. Білім мен ғылымдағы инновация мәселелері

1. СЕКЦИЯ «Жаһандану кезеңіндегі әлемдік коммуникациядағы латын графикасының рөлі»

Ақпараттық төңкеріс, мәдениет пен мәдениетаралық коммуникациядағы түбегейлі өзгеріс дәуірінде қазіргі заманғы адамдар ең алдымен жазбаша белгілер әлемінде өмір сүреді, оның өмірі компьютерлермен және басқа гаджеттермен тығыз байланысты. Ол 70%- дан астам латын графикасында берілген ғаламтордағы ақпараттардың тұтынушысы, ал латын графикасының көмегімен дүниежүзі халықтарымен, әлемдік ғылыммен, білім мен ашық түрде сөйлесе алады.

Әлемдік IT-сала техникалық шешімдерді және негізгі бағдарламалау құралдарын латын әліпбиінде құрастырады. Өйткені, латын-заманауи технологиялық ортаның, барлық бағдарламалау тілдерімен инфокоммуникациялық технологиялардың символикалық негізі.

«Жаһандану кезеңіндегі әлемдік коммуникациядағы латын графикасының рөлі» секциясының аясында латын графикасының кең таралуы перспективалары мен артықшылықтарын талқылау ұсынылады.

Бұл тұрғыда «Жаһандану кезеңіндегі әлемдік коммуникациядағы латын графикасының рөлі» секциясы қазіргі заманғы коммуникациялық үрдістерді, социоллингвистикалық үрдістермен осы бағытта бірлескен ғылыми зерттеулерді алға дамытуда ақпарат алмасуға және жаңа білім меңгеруге өнімді алаң болуға арналған.

2. СЕКЦИЯ «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: әлемдік тәжірибе және ғылыми-әдіснамалық ұстанымдар»

Өркениетті әлем бұрыннан латын графикасын пайдаланады, ол әлемнің 80-нен астам елінде қолданылады. Көптеген елдер өз тарихында әліпбиді жаңғырту жолымен өткен, бұл қалыпты тарихи тәжірибе. Мысалы, Түркия 1929 жылы, Молдова 1989 жылы, Әзірбайжан, Өзбекстан мен Түрікменстан 1992 жылы латын әліпбиіне көшкен.

XXI ғасырдағы заманауи технологиялық ортаның, заманауи әлемдегі байланыс пен ғылым, білім беру үдерісінің ерекшеліктері Қазақстанда мемлекеттік тілді жаңғыртудың алғышарттары бола білді.

Мемлекеттік тілдің әліпбиін жаңғыртудың басты көмекшісі, ең алдымен, лингвистика болып табылады, ол біздің елімізде қазақ тілінде ақпарат беруде латын әліпбиін енгізумен байланысты барлық үдерістерді объективті түрде сипаттауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Латын әліпбиіне көшу сияқты қадамды жүзеге асыру үшін заңнамалық базаны құрумен қатар осы үдерістің тиімді, экономикалық ауыртпалығы аз жолдарын анықтау қажет.

Осыған орай, «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: әлемдік тәжірибе және ғылыми-әдіснамалық ұстанымдар» секциясының мақсаты еліміздің және басқа да елдердің, ең алдымен латын графикасына ауысқан түркітілдес елдердің тәжірибелі ғалымдары мен зерттеушілерімен тәжірибе алмасу, тиімді жолдарын талқылау. Қазіргі заманғы қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері, алфавиттің әріптері мен сөйлеу дыбыстары арасындағы қарым-қатынасты талдау, жаңа емле ережелері мен оларды оқыту әдісі, дамыған жаңа алфавиттердің ерекшеліктері сияқты латын әліпбиіне өтудің бірқатар маңызды аспектілеріне назар аудару ұсынылады.

Сонымен қатар, латын әліпбиіне ауысудың өзекті мәселелері: әліпбиді жаңартудың құқықтық және экономикалық аспектілерін талқылау ұсынылады.

3. СЕКЦИЯ «Білім мен ғылымдағы инновация мәселелері»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылғандай, қоғамдық сана тек жаңғырту қағидаттарын әзірлеуді ғана емес, дәстүрдің ұлы күшқуатын жоғалтпастан уақыттың сын-тегеурініне жауап бере алатын нақты жобаларды талап етеді.

Мемлекеттік тілді, оның бай әлеуетін ашуда және ұлттық сәйкестікті рухани жаңғырту мен нығайтуда күшті фактор ретінде рөл ойнайды.

«Білім мен ғылымдағы инновация мәселелері» секциясының шеңберінде қазақ жазуын латын әліпбиіне аудару және оның қазақстандық қоғамның рухани жаңаруына әсері, қазақ диаспораларының өздерінің тарихи отандарымен әлеуметтік, мәдени және рухани байланыстарын дамытуда латын жазуының әлеуетін пайдалану мүмкіндігі талқыланады.



Qazaq jazýyn latyn álipbiine kóshirý:
jahandaný jaǵdaýyndaǵy memlekettik tildin damýy

**Концепция
международной научно-практической конференции
«Переход казахского алфавита на латинскую графику: развитие го-
сударственного языка в контексте глобализации»,
проводимой в рамках реализации программной статьи Президента РК «Взгляд в будущее: модерниза-
ция общественного сознания»**

Настоящая концепция подготовки и проведения Международной научной конференции «Переход казахского языка на латинскую графику: развитие государственного языка в контексте глобализации» устанавливает цели, задачи, программу и регламент мероприятия.

Организаторы



Акимат Атырауской области
Адрес: Казахстан 060011 г.Атырау, ул.Айтекеби, 77.
www.atyrau.gov.kz



Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова Адрес: Казахстан 060011 г.Атырау, проспект Студенческий, 212.
www.asu.edu.kz

Статус и участники

Мероприятие международного уровня. К участию приглашаются ученые, представители образования, общественные деятели из Европы, Ближнего Востока, стран СНГ и Казахстана, ведущие научные исследования в области теории коммуникации и лингвистики, теории и практики перевода казахского алфавита на латинскую графику.

Официальные документы

- Концепция Конференции
- Программа Конференции
- Сборник материалов Конференции

Рабочие языки

Казахский, русский, английский

Дата проведения

5-июня 2018 г.

Контекст

В связи с развитием научно-технического прогресса и современных медиа-коммуникаций латинская графика получает все большее распространение, латиница считается инновационным алфавитом современного глобального медиа-пространства, мира науки, техники и экономики.

Латинский алфавит как один из древнейших алфавитов мира, в настоящее время используется в странах Европы, Америки, Азии и Африки как основной, а в других - дополнительно в качестве языка Интернета.

Глава государства Н.А.Назарбаев ставит цель по вхождению Казахстана в число 30-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Для того, чтобы ее реализовать, нужно, чтобы общество, сохраняя свою идентичность, культуру, принимало новые технологии и знания.

Роль перехода казахского алфавита с кириллицы на латинскую графику в развитии государственного языка является феноменом, требующим лингвистические, информационные, социальные, лингвокультурологические, философские, исторические исследования. В рамках этого вопроса следует рассмотреть проблему сохранения национального языка в контексте глобализации, его дальнейшего развития и места в глобальном коммуникационном пространстве.

Одной из основных целей данной конференции наряду с теоретическими вопросами, является методологическое, практическое, нормативно-правовое, информационное исследование постепенного

перехода государственного языка Казахстана на латинскую графику.

В таком контексте Акимат Атырауской области и Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова организуют международную научно-практическую конференцию «Переход казахского языка на латинскую графику: развитие государственного языка в условиях глобализации», приглашают ученых и исследователей в области языкознания принять участие в работе конференции.

Основные мероприятия

В рамках Конференции планируется проведение ряда мероприятий, в том числе Пленарное заседание, 3 секций:

1. Роль латинской графики в мировой коммуникации в условиях глобализации
2. Переход казахского алфавита на латиницу: применение мировых практик и научно-методологических принципов
3. Вопросы инновации в образовании и науке

СЕКЦИЯ 1. «Роль латинской графики в мировой коммуникации в условиях глобализации»

В век информационной революции, переворота в культуре и межкультурной коммуникации в целом современный человек живет преимущественно в мире письменных знаков, его жизнь неразрывно связана с компьютерами и прочими гаджетами. Он является потребителем актуальной информации в Интернете, представленной более 70% на латинской графике, а с помощью латинского языка открыто общается с народами всего мира, мировой наукой и образованием.

Мировая IT-сфера строит технические решения и базовые инструменты программирования в латинском формате. Ведь латиница является символьной основой современной технологической среды, всех языков программирования и инфокоммуникационных технологий.

В рамках секции «Роль латинской графики в мировой коммуникации в условиях глобализации» предлагается обсудить перспективы и преимущества широкого распространения латинской графики.

В этом контексте секция «Роль латинской графики в мировой коммуникации в условиях глобализации» призвана стать продуктивной площадкой для обмена информацией и приобретения новых знаний в развитии современных коммуникативных тенденций, социолингвистических процессов, содействия реализации совместных научных исследований в данном направлении в дальнейшем.

СЕКЦИЯ 2. «Переход казахского языка на латиницу: применение мировых практик и научно-методологических принципов»

Цивилизованный мир давно пользуется латинской графикой, она используется в более 100 странах мира. Многие страны мира в своей истории прошли через модернизацию алфавитов — это нормальная историческая практика. К примеру, Турция с 1929

года, Молдова с 1989 года, Азербайджан с 1992 года, Узбекистан и Туркменистан с 1993 года перешли на латиницу.

Особенности современной технологической среды, коммуникаций в современном мире и научно-образовательного процесса в XXI веке явились предпосылками для модернизации государственного языка и в Казахстане.

Основным помощником в обновлении алфавита государственного языка должна стать наука, прежде всего лингвистика, которая поможет объективно охарактеризовать и оценить все процессы, связанные с внедрением в нашей стране латиницы при передаче информации на казахском языке.

Для реализации такого шага как переход на латинский алфавит необходимо также и создание законодательной базы, и определение эффективной, наименьшей экономической нагрузки этого процесса.

В этой связи, целью секции «Переход казахского языка на латинский алфавит: применение мировых практик и научно-методологических принципов» является обсуждение учеными и исследователями богатого опыта классиков казахстанской науки и опыта других стран, прежде всего тюркоязычных, перешедших на латинскую графику. Предлагается уделить внимание ряду важных аспектов перехода к латинскому алфавиту, таких, как структурно – семантические особенности терминологической лексики в современном казахском языке, анализ соотношения между буквами алфавита и звуками речи, новые правила орфографии и способы их преподавания, особенности разработанного нового алфавита.

Кроме того, предлагается обсудить актуальные вопросы, связанные с переходом на латинскую графику: правовые и экономические стороны обновления алфавита.

СЕКЦИЯ 3. «Вопросы инновации в образовании и науке»

В программной статье Президента РК Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» отмечено, что общественное сознание требует не только выработки принципов модернизации, но и конкретных проектов, которые могли бы позволить ответить на вызовы времени без утраты великой силы традиции.

Одним из таких проектов является переход казахского языка на латиницу, который призван способствовать формированию билингвизма граждан Казахстана. Модернизация государственного языка призвана сыграть роль в раскрытии его богатого потенциала и стать мощным фактором духовного возрождения и укрепления национальной идентичности

В рамках секции «Вопросы инновации в образовании и науке» предлагается обсудить вопросы перехода государственного языка на латинскую графику и его влияние на духовное обновление казахстанского общества, возможности использования потенциала латинской графики в развитии социальных, культурно-духовных связей казахских диаспор со своей исторической родиной.



Qazaq jazýyn latyn álipbine kóshirý:
jahandaný jaǵdaýyndaǵy memlekettik tildin damýy

CONCEPT

International scientific and practical conference

**"Transition of Kazakh script to Latin: official language development in terms of globalization"
within the framework of the implementation of the program article of the President of the
Republic of Kazakhstan "A look into the future: modernization of public consciousness"**

This concept of preparation and holding of the International Conference

"Transition of the Kazakh script to Latin: official language development in terms of globalization" determines its goals, objectives, guidelines, program and schedule.

Organizers of the event



Akimat of Atyrau region
Address: Kazakhstan, 060011, Atyrau, Aiteke bi str., 77.
www.atyrau.gov.kz



Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University
Address: Kazakhstan, 060011, Atyrau, Studenchesky Avenue, 212.
www.asu.edu.kz

Status and participants

An international event. Scientists, representatives of education, public figures from Europe, the Middle East, CIS and Kazakhstan are invited to take part in the conference, leading research in the field of communication theory and linguistics, theory and practice of transiting the Kazakh script to Latin.

Official documents

- Conception of the Conference
- Conference Program
- Conference Materials

Working Languages

Kazakh, Russian and English

Date of the event

5-6 June 2018

Context

In connection with the development of scientific and technological progress and modern media communications, Latin graphics is becoming increasingly widespread, Latin is considered an innovative alphabet of the modern global media space, the world of science, technology and economics.

The Latin alphabet, as one of the oldest alphabets in the world, is currently used in Europe, America, Asia and Africa as the main alphabet and in others as an Internet language.

The President of the country N.A. Nazarbayev sets a goal for Kazakhstan to become one of the 30 most competitive countries in the world, adopting new technologies and knowledge, while preserving its identity and culture. Undoubtedly, in this sense, the Romanization of Kazakh alphabet will greatly simplify the perception and the development of new knowledge.

The role of transiting the Kazakh alphabet from Cyrillic alphabet to Latin graphics in the development of the official language is a phenomenon requiring linguistic, informational, social, cultural, philosophical, and historical research. Within the framework of this issue, the problem of preserving the national language in the context of globalization, further development and its place in the global communication space should be considered.

One of the main objectives of this conference, along with theoretical issues, is a methodical, practical, regulatory legal, information study of the gradual



Qazaq jazýyn latyn álipbaine kóshirý:
jahandaný jaǵdaýyndaǵy memlekettik tildin damýy

transfer of the state language of Kazakhstan from the Cyrillic alphabet to the Latin graphics.

In this context, Akimat of Atyrau region and Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University organize the international scientific and practical conference "Transition of Kazakh script to Latin: development of the official language in terms of globalization" invite scientists and researchers in the field of linguistics to take part in the conference.

Main events

Within the framework of the conference, it is planned to hold events, including the Plenary Session, 3 sections:

1. The role of Latin graphics in global communication
2. Transition of Kazakh script to Latin: the usage of world practice and scientific-methodological principles
3. Innovation issues in Education and Science

SECTION 1. "The role of Latin graphics in global communication"

In the century of the informational revolution, in culture and intercultural communication change, modern people live in the world of written signs, their life is connected with computers and other gadgets. More than 70% of people use Internet Information in Latin graphics, and with the help of the Latin they can communicate with the people, science and education in the world.

The world IT sphere builds technical solutions and basic programming tools in the Latin format. Because Latin is a symbolic foundation of the modern technological environment, all programming languages and information and communication technologies. Within the framework of the section "The Role of Latin Graphics in Global Communication" proposed to discuss the prospects and advantages of the wide dissemination of Latin graphics.

In this context, the section "The role of Latin graphics in global communication" is intended to become a productive platform for the exchange of information and the acquisition of new knowledge in the development of modern communication trends, sociolinguistic processes, and the promotion of joint scientific research in this direction in the future.

SECTION 2. "Transition of Kazakh script to Latin: the usage of world practice and scientific-methodological principles"

The civilized world has long used Latin graphics, it is used in more than 100 countries around the world. Many countries of the world in their history have gone through the modernization of the alphabets - this is a normal historical practice. For example, Turkey since 1929, Moldova since 1989, Azerbaijan since 1992, Uzbekistan and Turkmenistan since 1993 have switched to the Latin alphabet.

Features of modern technological environment, communications in the modern world and scientific and educational process in the 21st century were prerequisites for the modernization of the official language in Kazakhstan.

The main tool in updating the alphabet of the official language should be science, first of all linguistics, which will help objectively characterize and evaluate all the processes associated with the introduction in our country of the Latin alphabet in the transmission of information in the Kazakh language.

To implement such a step as the transition to the Latin alphabet, it is also necessary to create a legislative base, and to determine the effective, the least economic burden of this process.

In this context, the purpose of the section "Transition of Kazakh script to Latin: the usage of world practice and scientific-methodological principles" is to discuss rich experience of the classics of Kazakh scientists and researchers and the experience of other Turkish-speaking countries switched to the Latin alphabet. It is proposed to pay attention to the number of important aspects of the transition to the Latin alphabet, such as the structural and semantic features of terminological vocabulary in modern Kazakh, the analysis of the relationship between the letters of the alphabet and the sounds of speech, the new spelling rules and methods for their teaching, and the features of the new alphabet developed.

In addition, it is proposed to discuss current issues related to the transition to the Latin: the legal and economic aspects of updating the alphabet.

SECTION 3. "Innovation issues in Education and Science"

In the program article of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev: "A look into the future: modernization of public consciousness" noted that public consciousness requires not only the elaboration of the principles of modernization, but also specific projects that could enable us to meet the challenges of the time without losing the great power of tradition.

One of such projects is the transition of the Kazakh language into Latin graphics, which is designed to promote the formation of bilingualism of citizens of Kazakhstan. Modernization of the state language is called upon to play a role in revealing its rich potential and become a powerful factor in the spiritual revival and strengthening of national identity.

Within the framework of the section "Innovation issues in Education and Science", it is proposed to discuss the transition of the official language to Latin graphics and its impact on the spiritual renewal of Kazakhstan society, the possibility of using the potential of Latin graphics in the development of social, cultural and spiritual ties of the Kazakh diasporas with its historical homeland.

Білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы халыққа жолдауында көрсетілген бес басымдықтың төртіншісі – Қазақстандық білім берудің жаңа моделін құруға, «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге, үш тілді меңгеруге, заманауи оқу жоспарларын қалыптастыруға және басқа да перспективалық міндеттерді жүзеге асыруға ерекше мүмкіндік беріп отыр.

Осы орайда жоғарғы оқу орындарының кадрлік құрамына, материалдық техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты талап жоғарғы деңгейде болуы анық. Бүгінгі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті заман талабына сай мамандар дайындайтын ұжым.

Факультетте жастарға білім берудің басым бағыттары ретінде мамандық бойынша терең теориялық білім беріп, алған білімін практикамен бекітуіне толыққанды жағдай жасауды; студенттердің жаратылыстану ғылымымен жан-жақты айналысуына бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуді; халықаралық бағдарламалар бойынша білім гранттарын жеңіп алуға жағдай туғызуды; студенттерді республикамыздағы және шетелдік студенттермен тәжірибе алмасып, танымын кеңейту үшін түрлі дәрежедегі конференциялар мен олимпиадаларға қатыстыру университет қолдауымен жүзеге асырылу үстінде.

Талапкерлер санының жылдан жылға артуы ең алдымен Елбасымыз жүзеге асыруда мақсат етіп қойған «Үш тұғырлы» тіл саясатының еліміздің ішкі, сыртқы дамуына деген үлкен әсерінен деп айтуға болады. Өйткені, қазір мемлекеттік тілді, шет тілдерін еркін меңгермей қызметке орналасу, шет мемлекеттермен байланыс жасау мүмкін емес болып отыр. Студенттердің оқу үрдісімен бірге, ғылыми жұмыстармен айналысуға талпыныстары, өтініш-тілектері көбейе түсуде. Осыған орай профессор оқытушылар құрамы (ПОК) ғылыммен айналысуға тілек білдірген әрбір студентпен жеке-жеке жұмыс жасап, тақырыптарын белгілеп, ғылыми бағыт-бағдар беруде.

Сапалы білім – болашақта жақсы маман болып шығудың кепілі. Факультетімізді бітірген түлектерге еңбек нарығындағы сұраныстың деңгейі жоғарылап келеді. Біздің түлектер мектептен бастап, одан да жоғары ұйымдарға дейін, үлкен мекемелерде қызмет істейді. Өйткені, олар – физик, математик, информатик мұғалімдері мен өндіріске қажетті инженер, технолог мамандар. Пән мұғалімімен қатар, ғылыми зертханаларда, ақпараттық технологиялар саласында, телекоммуникацияда, зауыттар мен ірі компанияларда, түрлі техника мен есептеулер саласында еңбек ету біздің түлектердің үлесіне тиесілі. Факультет бойынша жыл бойы бітіруші түлектерді еңбекке орналастыру бағытында әртүрлі шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар білім беру департаменті өкілдерімен, қала және облыстық мектеп-лицей директорларымен, әртүрлі ұйым, мекеме мамандарымен кездесулер тұрақты өткізіліп, арнайы кафедралар да өз түлектері бойынша әр түрлі шаралар, университет көлемінде бітіруші түлектер үшін жәрмеңке ұйымдастырылады. Сонымен қатар түлектердің жұмысқа орналасуы жоғарғы деңгейде.

Университетте, факультетте кадр саясаты оңтайлы жүргізілуде. Білім сапасы жоғары профессор-оқытушыларды жұмысқа алу және олардың біліктілігін үнемі көтеріп отыру басты мақсат. Факультет бойынша биылғы оқу жылында бес оқытушы Phd докторантураға түссе, екі оқытушы Phd докторлық диссертациясын сәтті қорғап, дипломдарын алды.

Физ.-мат. ғыл. докторы, профессор С.Т. Мухамбетжановтың жетекшілігімен «Математикалық модельдеудің заманауи өзекті мәселелері» және пед. ғыл. докторы, профессор Г.И. Имашевтың жетекшілігімен «Студенттер мен магистранттардың ғылыми-практикалық семинарлары факультеттің профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттер үшін апта сайын жүйелі түрде өткізіліп отыр.

2017 жылдың 10-шы қазан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры х.ғ.д. профессор А.Талтенов пен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Сейтбек Бекенұлының қолдауымен «skure» әлеуметтік желісі арқылы бірлескен «Қазіргі таңдағы физиканы оқытудың өзекті мәселелері» атты онлайн семинар ұйымдастырылды. Екі университеттің ғалым оқытушылары қазіргі заман талабына сай физиканы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері туралы өз ойларын ортаға салды.

«Ғажайып көрме – ЭКСПО-2017» және «Стандарттау – инновацияларды енгізу үшін қолайлы ортаны қалыптастырудың кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат – Қазақстанда өткен ЭКСПО көрмесі туралы мәлімет беру, білімдерін тереңдету, көрменің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңыздылығы туралы білім қалыптастыру және «Бүкіләлемдік стандарттар күні» мерекесін атап өту. Отанымыздың жеткен жетістіктеріне мақтансыз сезімін ояту мақсатында жүргізілген іс-шара. Бұл іс-шараға Ұлттық стандарттау және сертификаттау орталығы» АҚ Атырау облысы бойынша филиалы, Техникалық реттеу және метрология комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМҚ Атырау филиалы өкілдері қатынасып, білім алушыларға жұмыс берушілер ретінде мамандық туралы маңызды мағлұматтар берді.

Факультеттің арнайы кафедраларының филиалдары жұмыс жасайтын Ж.Қаражігітов атындағы 16 мектеп – лицейде 2017ж. 19–23 желтоқсан аралығында қала көлемінде «Қаз ССР-ң білім беру ісінің үздігі», Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, математика пәнінің мұғалімі болған Жапақ Есқабылұлы Қаражігітовтың 100 жылдық мерей тойына арналған үлкен шара өтті. Аталған іс-шараға факультет профессор – оқытушылары қатысып, өз үлестерін қосты. Университет ғалымдары мен мектеп мұғалімдері бірлесіп математика, физика онкүндігін өткізді. Онда ашық сабақтар мен тренингілер өтті.

Профессорлар Т.А. Каражигитова мен Б.Т. Барсайдың академиялық мектебінің семинарлары жоғарғы деңгейде жүргізілді. Профессор Б.З.



Кенжегулов 11 сынып оқушыларына олимпиадалық есептерді шешу әдістері бойынша мастер-класс өткізді. Осы шара аясында оқушылар арасында «Үздік ғылыми жоба», ҰБТ есептерін шешуден пәндік сайыс, қала мектептері мұғалімдері арасында, «Үздік әдіскер мұғалім» кәсіптік шеберлік конкурстары ұйымдастырылды. Бұл шараға 200-ден астам қала мектептерінің оқушылары мен 50-дей мектеп мұғалімдері қатынасты.

2018 жылдың 9-13 сәуір аралығында өткен ғылыми апталық аясында жоспарға сай көптеген игі істер атқарылды. Олар: студенттер арасында пәндік олимпиада, «Рухани жаңғырудың жарқын жолы», «Ақылды технологиялар – болашақтың бастауы», «Робототехника және STEM-болашаққа бастау», «Не? Қашан? Қайда?», «Ғылым әлеміне қадам», «Компьютерлік дизайн және анимация» іс шаралары.

12 сәуірде Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму

дайындау мақсатында факультетте ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Нәтижесінде 5В010900-Математика мамандығының студенттері 2018 жылдың 11-13 сәуір аралығында Жетісу мемлекеттік университет базасында өткен Республикалық пәндік олимпиадаға қатынасып, жүлделі 2 орынға, 5В01100-Информатика мамандығының студенттері Ақтау қаласында 2018 жылдың 4-7 сәуір аралығында өткен Х Республикалық олимпиадасында III орынға, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өткен «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша пәндік олимпиадаға қатынасып 2 орынға ие болды. 5В011000-Физика мамандығының студенттері «Менің Арманым» атты Стартап сайысына «Coal wood» жобасымен қатынасып, Астана қаласынан жоғарғы марапатпен оралды.

М.Өтемісов атындағы Батыс



министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің ШЖҚРМҚ «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» «Менеджмент жүйелерін кәсіпорындарда енгізу» тақырыбындағы аймақтық оқыту семинарына факультет профессор-оқытушылары мен студенттері қатысып, сертификатқа ие болды.

Факультет профессор оқытушылары – Жарасова Г.С., Салтанова Г.А., Шаждекеева Н.К., Мырзашева А.Н., Кенжегулов Б.З. Б.Т. Абыканова, Г.Мырзагерейқызы қоғамды ақпараттандыру, электронды бағдарламалар жазу бағытында ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетімен берілген авторлық куәлікке ие болды.

Факультет студенттері ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді түрде қатысып, халықаралық республикалық олимпиадалар, конференциялар мен байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Студенттерді олимпиадаға және ғылыми жоба конкурстарына

Қазақстан мемлекеттік университеті мен Городовиков Калмыкия университетімен бірігіп өткізген студенттер мен магистранттардың цифрлық өнер, анимация және модельдеу бойынша халықаралық байқауында 5В070300-Ақпараттық жүйелер мамандығының студенттері жүлделі 2 және 3 орынға ие болды.

Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті қазіргі кезде «білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» және университеттің, факультеттің стратегиялық даму бағдарламасы бойынша жұмыстар атқаруда.

Б. Кенжегулов
физика, математика және
ақпараттық технологиялар
факультетінің деканы,
т.ғ.д., профессор.

Ұстаздар марапатталды



2018 жылғы 28-ші наурыз күні Көптілді білім беру факультетінің, Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ашылғанына 25 жыл толуына арналған «Қазіргі заманғы көптілді кеңістікте шетел тілдерін оқытудың кіріктірілген әдісі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Кушкарлова Гульмира Капесовна; Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті, Тілдер және менеджмент факультетінің магистрі Төреғали Күмісай Ерланқызы; М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистрі, аға оқытушы Насимуллина Айгул Бисембаевна қатысты. Пленарлық мәжілісте Х.Досмұхамедов атындағы Атырау меамлекеттік университетінің ректоры, профессор, химия ғылымдарының докторы Талтеңнов Абзал Ахатұлы осы оқу орнында көп жыл еңбек сіңірген бір топ ұстаздарды марапаттап, алдағы уақытта еңбектеріне

шығармашылық табыстар тіледі. Осыған орай, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ардагер ұстаздары Капакова Алтын Жумагазиевна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының негізін қалаған, 18 жыл кафедра меңгерушісі, 48 жыл қызмет етіп жатқан ардагер ұстаз «Құрметті кафедра меңгерушісінің аттестаты»; Сурина Надежда Андреевна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында 22 жыл қызмет еткен, университетке сіңірген еңбегі үшін «Х.Досмұхамедов атындағы Алтын медалімен» төсбелгісі; Нургалиева Мадина Мухамедкалиевна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында 18 жыл қызмет етіп келеді, 10 жыл кафедра меңгерушісі, «Х.Досмұхамедов атындағы Алтын медалімен»; Елешова Ақзира Сабировна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында 20 жыл қызмет еткен, «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі; Гилаева Майра Гилаевна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ашылуына тікелей үлес қосқан оқытушы, 40 жыл қызмет еткен, «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісі; Назкенова Рахима Назкеновна - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ашылуына



тікелей үлес қосқан оқытушы, 55 жыл қызмет еткен, «Университет дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығын бітірген, еліміздің түкпір-түкпірінде (Америкада, Австралияда, Турцияда, Кытайда) барлық салаларда еңбек етіп жүрген түлектерден кел-

ген құттықтаулар оқылды. Сонымен қатар, ағылшын тілі мұғалімдеріне «Understanding 21st century skills» мастер класс ұйымдастырылды. Мастер классқа қатысқан мұғалімдерге сертификаттар табысталды.

Гульзада ТУЛЕНОВА,
Шетел тілін оқыту әдістемесі



Первый выпуск специалистов IT-центра

Информационные технологии с каждым годом оказывают все большее влияние, как на экономику, так и на повседневную жизнь людей. Этапы качественного развития большинства отраслей (энергетики, медицины, образования, торговли, финансового сектора, страхования и др.) и государственного управления, в том числе в военной сфере, связаны с внедрением информационных технологий.

Мировой опыт показывает, что конкурентоспособность национальной экономики в целом связана с развитием информационных технологий. По данным Всемирного экономического форума, индекс конкурентоспособности экономики государств имеет высокий уровень корреляции с индексом развития в странах информационно-коммуникационных технологий. Среди факторов, ограничивающих развитие информационных технологий в Казахстане, можно отметить следующие: это обострившийся в последние годы дефицит кадров, недостаточный уровень подготовки специалистов, а также недостаточно высокая популярность профессий отрасли информационных технологий.

И в этой связи, Атырауский государственный университет имени Халела Досмухамедова, вносит свою лепту в развитие и подготовку специалистов в сфере информационных технологий. На базе АГУ имени Халела Досмухамедова с 17 мая функционирует IT центр, который был создан в рамках Государственной программы «Цифровой Казахстан» и Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства и с целью реализации Проекта «Повышение цифровой грамотности граждан Атырауской области и подготовка пула квалифицированных IT-специалистов» совместно с Атырауским филиалом партии «Нур-Отан».

30 мая состоялось вручение сертификатов слушателям первого потока – учителям городских и районных



средних школ (всего 35 учителей), которые приобрели цифровые навыки, и в будущем учебном году будут использовать их в образовательной деятельности, способствуя тем самым, качественной подготовке учащихся школ в рамках новой дисциплины «Информационно-коммуникационные технологии». Подготовка преподавателей проводилась по направлениям: «Дизайн и графика» (Corel Draw, Adobe Photoshop, AutoCAD)



«Анимация и 3D моделирование» (Macromedia Flash, 3d Max), программирование Web-сайтов (HTML, PHP, CSS, CMS), основы программирования (Pascal, C/C++), а также основы современных технологий программирования (Python, Java).

Мы надеемся, что ускоренное внедрение в образовательный процесс навыков программирования, приобретенных преподавателями школ, обучившихся в

нашем IT-центре, будет способствовать повышению качества образования и популяризации профессий отрасли информационных технологий.

Жанна Дуйсембаевна Габбасова,
Руководитель IT-центра АГУ имени Х.Досмухамедова, заведующая кафедрой «Программная инженерия», к.т.н., профессор

«Истинная компьютерная грамотность означает не только умение использовать компьютер и компьютерные идеи, но и знание, когда это следует делать».

Сеймур Пейперт

НӘУБЕТ ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ

XX ғасыр қазақ халқы үшін сындарлы жылдар болды. Басқа халықтар бұл жағдайларды тек қорқынышты түстерінде ғана көрген шығар. Мен халқымның мынадай нәубетті бастан өткергендегі шексіз төзімділігі мен шыдамдылығына қайран қаламын.

Н.Назарбаев

1932 жылғы аштық қазақ халқының тарихындағы ең бір асқан нәубет, адам жаны түршігерлік қасірет болғандығы бүгінгі күндері ақиқатқа айналды. 1931-1933 жылдардағы зұлмат ашаршылық туралы жазуға, деректер жариялауға Кеңес өкіметі тұсында қатаң тиым салынып, көп жылдар бойы тарихтың «ақтаңдақ» беттеріне айналып келген болатын.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласының дамуы тарихына қатысты «Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941гг.)» (Алма-Ата., 1967. - Т. I-II. - 957с.) атты құжаттар жинағы жарық көрді.

Құжаттарды жинақтау және дайындау барысында ауыл шаруашылығын ұйымдастыру тарихына қатысты 5 мың құжат анықталды, соның ішінде 310 құжат жинаққа енгізілді. Жинаққа енгізілген құжаттар қатарында қарарлар, бұйрықтар, шешімдер болатын. Шығарылған құжаттық жинаққа өкінішке орай 1930-1933 жылғы күшпен ұжымдастыру кезеңіндегі көптеген архивтік құжаттар енгізілмей қалды.

Ел тарихындағы ең қаралы кезеңдердің бірі, ұлы жұт аталған 1931-1932 жылдардағы аштық туралы мәліметтер 80-ші жылдардың ортасында бүкілодақтық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарық көре бастады. Тарихшы ғалымдар архив қорларындағы құпия қорлардағы құжаттарды іздеп, зерттеп, саралап көпшілік қауымға кеңестік әміршілдік-әкімшілдік жүйе кезіндегі ашаршылық туралы деректерді жариялай бастады.

Бұл зұлмат жылдарды батыс зерттеушісі Дж. Беккер «Қазақтардың бірнеше ұрпақтарының есінде жазылмайтын жара болып ұжымдастыру және оның салдарынан болған 1931-1932 жылдардағы ашаршылық туралы естелік қалды», - деп жазды.

Кеңес қоғамындағы өзгерістер өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қалыптасқан әміршілдік-әкімшілдік жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру негізінде қайта құру саясатында айқын көрінді. XX ғасырдың 30-шы жылдардағы тарихи оқиғаларды архив құжаттары арқылы зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Архивтердегі құнды тарихи құжаттарды саралап және зерделеу, зерттеу арқылы тарихи үдерісті түсіну бүгінгі таңдағы басты мәселе. Аштық туралы есептер мен статистикалық деректер, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектері, корреспонденциялары кімдермен қарым-қатынаста болғандығы туралы материалдар бұрынғы Қауіпсіздік Комитетіне түскен, одан кейін қайтарылмаған. Тіпті бұл органға қағаз бетіне түскен қазақ шежірелеріне дейін алдырылып, олардан кім сұлтан, кімнің би-батыр болғандығы жөнінде мәліметтер жинастырылған. Ашаршылық, қуғын-сүргін тарихына қатысты көптеген құжаттар мен материалдар түрлі

ведомстволардың қоймаларында қалдырылды. Ал, олардың көпшілігі Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Бас Прокуратура, Ішкі істер министрлігі архивтерінде сақталуда.

Украин тарихшысы Л.Протасова Украинадағы 30-шы жылдардағы ашаршылыққа кінәлілердің аты аталып, жария болғандығын, Голодомордың халықаралық дәрежеде мойындалғанын мәлімдеген болатын. Ал біз де бұл мәселе күн тәртібінде өткір күйінде қалып отыр деген пікірдеміз. Ашаршылық ақиқатына жаңаша көзқарас ел тарихы үшін, болашақ ұрпақ үшін де керек екендігі көзі ашық, көкірегі ояу көпшілік қауымға белгілі.

Қазақстандағы ашаршылық жылдары өлгендердің саны туралы әртүрлі деректер бар, мысалы «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» аштық құрбандары туралы 1926, 1937 жылдардағы халық санағында олқылықтар жіберілгендігі, соның салдарынан ашаршылықтағы адам шығыны дәл анықтауға кедергі келтіріп, әртүрлі пікірлердің өрестеуіне себеп болғандығы әділ атап өтіледі және 1931-1933 жылдардағы аштық құрбандары 2 млн 200 мың адамнан асып түсті делінді. Баспасөз беттерінде 2,5 млн (Алтын Орда газеті 9 ақпан, 2012), 3 млн (Алтын Орда газеті, 2012), 3 млн 250 мың (Айқын газеті, 7 сәуір, 2012), 2 млн 300 мың (Егемен Қазақстан, 25 сәуір, 2012), 2,7 млн (Айқын газеті, 4 мамыр, 2012) адам деген мәліметтер көрсетіледі. Аштық нәубеті құрбандарының саны, бұл мәселе терең зерттеліп, сараланған сайын көбеймесе, азаймайды.

Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекиннің 1925-1933 жылдардағы саясатын Л.Д.Троцкий: «Голощекин орыс деревняларында әлеуметтік келісімді уағыздап, ал қазақ ауылдарында азаматтық соғысты қоздыруда», - деп сипаттады. Ф.И.Голощекиннің Орталық Комитетке жазған мәлімдемесінде «қазақтардың коллективті шаруашылыққа өтудің ерекше қиын және күрделі жағдайында тіршілік етуге қабілетсіздігінде... Бұл қожалықтар өздерінің мал басын жойып, бір бөлігін мемлекеттік дайындауларға өткізіп, бір бөлігін жыртқыштықпен жоюда», - деп жазды. Ф.И.Голощекин коллективтендіру кезіндегі асыра сілтеуді, шолақ белсенділердің солақай саясатын, мал дайындау мүмкіндігі ескерілмей жоспарсыз жасалғанын мүлдем қаперіне де алмайды.

Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының нәтижесінде ата-баба тарихында мыңдаған жылдары бойы көшіп-қонып жүрген, жеке мал шаруашылығымен айналысқан халқымыздың тұрмысына күрделі



бетбұрыс жасалды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қолға алған саясатының бірі көшпелі халықтарды отырықшылыққа айналдыру, ол үшін әлділерді тәркілеу ісі қолға алынды.

Әлді шаруашылықтарды тәркілеу халықты жаппай ашаршылыққа алып келген жағдайдың алғы шарттарының бірі деп қарастыруға болады. 1928 жылдың 27 тамызында Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ірі байлар шаруашылығы мен жартылай феодалдарды шаруашылығын конфискациялау мен жер аудару» декреті қабылданды. Бұл декрет бойынша байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкі, байлығы тәркіленіп, өздері отбасымен бірге жер аударуға жатты. Конфескелеу туралы заң бойынша малы, дүние мүлкі тәркіленіп, үзі жер аударылуға тиісті ірі байлар мен жартылай феодалдардың қатарына көшпелі аудандарда малы 400-ден асатын (ірі қараға шаққанда), жартылай көшпелі аудандарда 300-ден асатын, отырықшы жерлерде 150, кейде 100 малы бар сұлтандар мен хандардың ұрпақтары, ел билеген болыстар, атқамінерлер жатқызылды. Осы декрет негізінде сол жылдың күзінде қазақ өлкесінде 696 ірі бай, жартылай феодалдардың мал-мүлкі тәркіленіп, зорлықпен тартып алынды. Байларды тәркілеу үлкен зұлымдықпен аяусыз жүргізілді. Бір өкініштісі байлардың қатарында солақай саясаттың нәтижесінде көптеген орта шаруалар да қосылып кетіп, тәркелеуге ұшырады.

Конфескелеу науқаны Атырау өлкесінің барлық аудандарын шарпыды. Архив деректерінде өлкеміздегі аштық туралы мәліметтер өте аз сақталған. Қазақстан Республикасы Президенті архиві қорында Атырау облысымен қатар басқа да облыстардағы конфискацияның қалай жүргізілгені туралы құжаттар сақталған. Бұрынғы Гурьев округінде байларды тәркелеу 1928 жылдың 6 қыркүйегінде басталған. Округ аумағында ірі байлардың мал, дүниемүлкін тәркілеу мақсатында 5 адамнан құрылған округтік комиссия құрылған. Құрылған комиссиялар аудандар аумағындағы ірі байларды тәркілеу жұмысына қатысып, ауылдарда түсінік, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Заң бойынша тәркілеу туралы шешімді ауылдың кедей-малшыларының жиыны анықтады. Ал, байлардан тәркіленген мал колхоздардың мүлкіне айналды. Бастапқы да Қазақ өлкелік комитеті Гурьев округі бойынша 40 шаруашылықты, оның 35-ін 1 топқа, 5-уін 2 топқа жатқызып тәркілеуді жоспарлаған. Гурьев округі бойынша тәркілеуге ұсынған ірі 24 бай тәркілеуге жатқызылған. Алғашқы бекітілген тізімнен алты бай шаруашылықтары алынып тасталған.

Байларды тәркілеу жұмысы әр ауданда жүргізіліп, жиындар өткізіліп, байлардың іс әрекеттері осы жиындарда әшкерленді. Мысалы Новобогат ауылында Жармағанбетов Ерғалидің (ақын Хамит Ерғалиевтің әкесі) мал мүлкін тәркілеу барысында өткен жиында кедей Жақып Жантазиев сөйлеген сөзінде «Бай Е.Жармағанбетов 1916 жылы стар-



шын болып тұрған кезінде өзін тылдың қара жұмысына тіркеу тізіміне жазғанын және одан бір өгіз, 5 рубль ақша беріп, яғни пара беріп қалғанын және бір мая шөп алғанын» баяндай келіп, тап жау ретінде тәркілеуді ұсынған. Оны орташа Бекмұхамедов қолдаған. Қаңбақты ауылында Исмағұлов Смадьяр атты байдың дүниесін тәркілеу барысында Демен Көбусынов 1916 жылы патша үкіметі органдарына қазақ жігіттерін тыл жұмысына алуға көмектескенін және Уақытша үкімет органдарына материалдық көмек көрсеткенін айтқан. Байдың бақташысы Сундет Алдабергеновтың аяғы үсіп, мүгедек болып қалған кезде емделу үшін көмек сұраған тұста, Смадьяр Исмағұловтың сабағанын жеткізе отырып, өзінің малын Дауытов дегеннің атына жазғанын және бөлшектеп таратқанын, салықтан жалтарғанын, тәркілеуден 95 қойын

жасырғанын жиын барысында хабардар еткен. Новобогат ауданы Бегайдар ауылында жергілікті тұрғындар бай Жұмағали Жанғожинді қорғап сөйлеп, елді ақ бандылардан қорғағанын алға тартып тәркілеуге қарсылықтарын білдірген болса, ал Арыстанғали Бисалиевті 67 адам қол қойып, ұйымшылдықпен қорғаған. Осы ауданның Қаңбақты ауылдық Кеңесінің төрағасы Ықыласов пен аудандық комиссияның өкілі Т.Алдоңғаров байлар С.Исмағұлов және М.Омаровтың малдарын әдейі таратқандары үшін істері сотқа беріліп, қызметтерінен шеттетілді. Барлық аудандарда байлардың мал-мүлкін тәркілеу барысында жиындар өткізіліп, кедейлер тарапынан қолдау тапқанын архив құжаттары нақтылай түседі.

Дегенмен де байларды тәркілеуді бүкіл халық қолдады десек артық айтқандық болар еді. Оның мы-



салы ретінде мына бір деректерге сүйенсек те болады. Теңіз ауданында өткен жұмысшылардың жалпы жиынында № 30 мемлекеттік балық тресінің есепшісі Аполихин комиссия өкілдерінің жұмыстарын тонаушылық деп бағалап, жұмысшылар мен кедейлерді тәркілеуге қарсы болуға ашық шақырған. Кейін ол жауапқа тартылған. Сөйтіп өлкемізде байларды тәркілеудің нәтижесінде ата қонысынан 24 байдың 20-сы Петропавлскіге, Қазақстан территориясынан тысқары жерге – 3, округ аймағынан тыс жерге тұрғылықты жерді таңдау құқығымен – 1 адам жер аударылды. Қазақстан аймағынан тыс жерге Теңіз ауданынан тәркілеуге ұшыраған Қ.Танашев, Қ.Құрманбаев және Қызылқоға ауданынан Ж.Жұлдызов айдалды. Сонымен қатар әкімшілік күштеу арқылы Новобогат ауданының байлары М.Омаров және С.Исмағұлов жер аударылды.

Атырау өлкесі бойынша тәркілеуден түскен малдар есебінен 24 колхоз ұйымдастырылды. Алайда байлардың алдымен жерін, одан соңы малы мен ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарын тартып алу тиісті нәтиже бермеді, керісінше кедей шаруашылықтарын нығайту ісі ұзаққа созылып кетті. Байлардың дүние-мүлкін тәркілеу барысында көптеген жағдайларда адам құқы мен заңдылықтың өрескел бұзылуына жол берілді. Қазақ ұлтына жасалған осынау нәубетке саяси баға берілуі тарих алдындағы адалдық болмақ.

Аққали Ахмет,
«Атырау өлкесінің тарихы, археологиясы және этнографиясы» ғылым-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент

35 ЖЫЛДАН СОҢ



Уақыт деген қандай шапшаң десеңші! Осыдан түп-тура 35 жыл бұрын 1983 жылы Атырау мемлекеттік университетінің жоғарғы оқу орнының тарих мамандығында оқып, білім нәрімен сусындап, студенттік шақтарын қызықты өткізіп, қолдарына алғаш диплом алып, әрбіреуі бір-бір маман иесі атанған жастар арада 35 жыл уақыт өткенде өздерінің білім алған жоғарғы оқу орнында 5-ші мамыр күні қайтадан бас қосып, кездесу кешін ұйымдастырды.

«Түлектер тілегі» атты кездесу кешіне университет ұстаздары мен студенттері, Атырау мемлекеттік университетінің проректоры Саламат Идрисов, ғылыми кеңес мүшелері, Атырау облысы мемлекеттік архив директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар, Атырау облыстық ескерткіштерді қорғау инспекциясының директоры Мұқанбетқали Қипиев, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының проректоры Мұстахим Мұхтаров, Атырау мұнай және газ университеті кафедра меңгерушісі Болат Нығыметов қатысты.

Салтанатты шараны жүргізген Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қылышбай Сүндетұлы «Біз қашанда үлкенді құрметтеген, кішіге ізгілік танытқан ұрпақ өкіліміз. Бүгін сол сөзіміздің куәсіндей, 68 жылдық тарихы бар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ұстаз бен шәкірті тоғысқан үлкен мереке. «Ұстаз болу – ұлағаттың белгісі» деген аталарымыздан қалған сөз бар. Шәкірт тәрбиелеп, бала оқытып, өнер-білім ұрығын себуші, адамдардың көкірек көзін ашып, ой-санасын нұрландырушы деп, ұстаздарды ерекше құрметтеп, төрілерінен орын, төбелерінен жол берген. «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» дегендей, мына зал толы осы оқу орнынан түлеп ұшқан азаматтарды көріп ерекше толқыныста да отырмыз», – деп атап өтті.

Кездесудің тағы бір ерекшелігі Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Мұстафин Жеңісбек Жұпболұлының мерейлі 70 жасына арналған салтанатты шараның тұспа-тұс келді. Асқаралы асудың бір биігіне көтерілген ұстаздың мерейлі сәтінде тарих университеттің бірнеше жылғы түлектері осылайша ұстазымен бас қосып, өздерінің жеткен жетістіктері жайлы сыр

шертісіп, шын мәніндегі ұрпақтар сабақтасы орын алды.

1979 жылы тарих мамандығына Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау облыстарынан келген жастардан 50 студент қабылданған еді. Отыз бес жылдан кейін «Түлектер тілегі» кешіне жиналған 1983 жылғы түлектер қатарында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Ғабит Кенжебаев (Алматы), тарих ғылымдарының докторы Бекмұрат Найманбаев (Шымкент), тарих ғылымдарының кандидаты Теміржан Бурин, Ақтөбе қаласындағы құқық-экономика колледжінің директоры Марат Исламов (Ақтөбе), Ақтөбе «Медиа Холдинг» директоры Раукен Отыншиев, Қызылорда облысы Қазалы ауданы 146-мектеп директоры Руслан Ізбахыш және басқа да еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген көптеген ардақты ұстаздар, танымал кәсіпкерлер, басшы қызметкерлер бар.

Кездесу күні олар алғаш Халел Досмұхамедов ескерткішіне гүл шоғын қойып, университет ішін аралап, кейінгі жылдарда болған барлық өзгерістер мен жаңалықтарды көріп, өздерінің таңданыстарын да жасырмады.

Кездесуге барысында түлектер атынан жас мамандарды дайындау ісіндегі ерен еңбегі мен жастарды тәрбиелеудегі өнегелі істері үшін бірқатар ұстаздар мен қайраткерлерге, бірге оқыған курстарына Қазақстан Республикасы Парламенті жанындағы ардагерлері қауымдастығының қайырымдылығы үшін берілетін «Сауап» медалі табысталды. Олардың қатарында тарих ғылымдарының докторы Үркінбай Қыдыралин, тарих ғылымдарының кандидаты Жиенбай Бақи, Жеңісбек Мұстафин, куратор



ұстазы Алтын Қапақова, ардагер журналист Айтқали Нұрғалиев, түлектерден курс шежіресін жазушы Руслан Ізбахыш, Махамбаев ауданы Ақжайық ауылының әкімі Сайлау Жұмағалиев, кәсіпкер Асылбай Нұрмұханбетов болды. Сонымен бірге 1983 жылдан бастап ұстаздық қызметте кіршіксіз еңбек етіп, жүздеген шәкірт дайындаған Атырау облысы Махамбет ауданы Алматы орта мектебінің ұстаздары Жұмақыз Тәжіғұлова мен Рая Сахибедренова Жамбыл облысындағы Мерке шипажайына демалуға жолдама сертификатын алды.

Кездесу барысында «Білім ап саянда, өткердік сан жылды...» естеліктер жинағы кітабының тұсауы кесіліп, 1983 жылғы та-

рих мамандығының түлектері атынан тарихты оқыту әдістемесі кабинетіне арнайы көрнекі тақталар сыйға тартылды.

Кеш барысында тарих ғылымдарының кандидаты Жеңісбек Жұпболұлы Мұстафин жастарға білім беру мен тәрбиелеу ісіне қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Г.Кайргалиева,
тарих ғылымдарының
кандидаты



БІЛІМ – БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Бүгінгі таңда біздің Атырау мемлекеттік университетінде білім деңгейін көтеруде, бірқатар ауқымды жұмыстар қолға алынып келеді. Соның айғағындай биылғы жылы халықаралық, республикалық деңгейде форумдар мен ғылыми конференциялар өткізіліп, жан-жақты тәжірибе алмасу жұмыстары да жүргізілді. Осындай ғылыми жұмыстар деңгейін көтеру бағытында біздің «Инновациялық білім беру» факультетінде де мамыр айында көптеген шаралар өткізіліп отыр. Соның бірі «Кітап – рухани жаңғыру құралы» тақырыбында Инновациялық білім беру факультеті, Педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен TEDx форматында дөңгелек үстел шарасы өтті.

Елбасымыздың Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы аясында магистранттардың, студенттердің рухани байлығын өрістете отырып, кітапқа қызығушылығы мен кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған бұл шараға: Олжас Сүлеймен – Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің кеңесшісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, «Болашақ» қауымдастығының, БҰҰ-ның жанындағы жас көшбасшылар қауымдастығының мүшесі, Динара Ерғали – «I book you Atyrau» ерікті оқырмандар клубының

жетекшісі, Ануар Бегісбай – Әлеуметтік желіде «Кітап оқу көшбасшысы» жобасының авторы спикерлер ретінде шақырылды.

Шараның өту барысында спикерлер кітап оқу барысындағы өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, кеш жүргізуші тарапынан түрлі қызықты да тартымды сұрақтар қойылып отырды және де еркін байланыс бөлімінде студенттер таласа сауалдар қойып, оған өз деңгейіндегі жауаптар алынды. Университет оқытушылары Қаражігітова Роза Қоңырбайқызы, Сабилов Айдар Рамазанұлы жүрекжарды да тебіреністі өз пікірлерімен бөлісті. Бұл кеш студенттермен қатар оқытушылар үшін де рухани азық алған сәтті күн болды.

Кеш соңын Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі Джанзакова Шолпан Исағалиқызы қорытындылап, студенттерді рухани азықтың бастауы – кітап оқудан басталатынын түсіндіре отырып, осындай үлгі болар көшбасшы жастарымыздың барына риза екендігін айта отырып, жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы, өмір сүру үшін өзгере білу керек, – деп жеткізді.

Психология және арнайы білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «Білімді ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында



студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырып, болашақ маманның заман талабына сай зерттеуші, басқарушы, практик деңгейінде шығармашылық бастамаларын дамытып, ғылыми үдеріс жетістіктерін тәжірибеде қолдануға бағыттау мақсатында магистранттар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияға 40-тан астам баяндамашы қатысты. Конференция пленарлық мәжіліс жұмысынан басталды, әрі қарай екі бағыт бойынша жалғасты: «Психология зерттеулер және қолданбалы психология мәселелері» (Педа-

гогика және психология, Психология мамандықтары), «Дефектология және мектепке дейінгі, бастауыш сатыда білім берудің бүгінгі мен келешегі» (Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, Дефектология мамандықтары). Конференция соңында қатысушыларға сертификат табысталды.

Айым КУСПАНОВА,
Инновациялық білім беру факультетінің Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі декан орынбасары

Гуманитарлық білімнің маңызы жоғары

Ғылым қызметкерлері күні жоғары оқу орындарында ғылыми бағыттағы жұмыстарды саралап, нәтижелерді қорытындылап, келешекке бағдарды анықтауға ықпал ететін маңызға ие болуда. Осы орайда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде арнайы ғылым апталығын ұйымдастыру дәстүрге айналды. Былтырғы жылы Ғылым күнінде Мемлекет басшысы еліміздің дамуына жаңаша серпін берген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жрайылаған еді. Осы мақалада гуманитарлық білім мәселесіне аса жоғары мән бері, «біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті жағдайды жасауға тиіспіз» деп атап өткен болатын.

Қазақстан әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі, тарихымыз адамзат тарихының, әлемдік даму жолының құрамдас бөлшегі. Әлемдегі тарихи процессті ұғыну тарихи танымды қалыптастыруға әсер етеді. Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Дүниежүзі тарихын оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы ғылыми семинар кафедрасының жанындағы тұрақты ғылыми семинардың кезекті мәжілісі кеңейтілген сипатта өтіп, оған Атырау қаласы жалпы білім беретін мектептерінің тарих пәні оқытушылары қатысты.

Іс-шара жалпы білім беретін орта мектептер мен жоғары оқу орындарында дүниежүзілік тарихты оқытудың өзекті мәселелері бойынша тарихшы оқытушылар арасында диалогтық алаң құру,

әлемдік және отандық тарихтың өзара сабақтастығы мен ерекшеліктері жайында теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда өзара пікір алмасу мақсатында ұйымдастырылды.

Ғылыми семинар барысында дүниежүзі тарихын оқытудың жаңартылған білім бағдарламасы негізіндегі әдістері мен тәсілдері мектеп мұғалімдері мен ЖОО профессорлары қатысуымен анықталып, талқыланды, әлемдік тарихтың өзекті мәселелерін мектеп курсында оқыту бойынша ұсыныстар, заманауи көзқарастар мен пікірлер таныстырылды.

«Дүниежүзі тарихын оқытудағы ғылыми көзқарас» тақырыбында т.ғ.к., асс.проф., Жұмазия Жұмабаева сөз сөйлеп, қазіргі кездегі әлемдік тарихқа көзқарас, жаһандану кезіндегі тарихи мәселелер, теориялық методологиялық мәселелер жайына тоқталды.

Тарих ғылымдарының докторы Лесқали Бердіғожин мектеп оқытушыларына ғылыми жобаларға тақырыптар ұсыну жайындағы өз ойларын ортаға салды. Жалпы кафедра ұстаздары мектеп тарихшыларымен бірлесіп оқытушылардың ғылыми жобаларын нәтижелі болуда. Биылғы жылдың өзінде Атырау қаласындағы 30 дарынды балаларға арналған үш тілде білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі Мәнет Утепқалиева мен тарих ғылымдарының кандидаты Гулфайруз Қайырғалиеваның өзара шығармашылық байланысы негізінде орындалған жұмыстың республикалық сайыста жүлделі орын алғанын атап өтуге болады.

Ғылыми семинарда мектеп мұғалімдері өз іс-тәжірибелері барысында өткізген дүниежүзі тарихы

сабақтарындағы жаңа бағдарлама бойынша жасақталған сабақтарын ұсынып, сабақтары талданып, теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда өзара пікір алмасты.

Жастарды ғылымға бейімдеу және гуманитарлық білімді дамытуда дәстүрлі конференциялар да септігін тигізуде. Ғылым апталығы кезінде өткен «Жастар және ғылым» атты дәстүрлі студенттер мен магистранттардың конференциясы жас зерттеушілердің ғылыми және шығармашылық белсенділігін арттыру, дарынды және ынталы жастар үшін тиімді коммуникативтік алаң құру мақсатында ұйымдастырылды.

Конференция барысында жастар өзара ғылыми-шығармашылық байланыс орнату, ізденіс бағыттары бойынша идеялары мен жобаларды ұсыну дағдыларын қалыптастырып, үлкен аудиторияларда таныстырылымдар өткізу, сөйлеу мәдениетін шыңдауды үйренді.

11 сәуірде университеттің Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен өткен конференцияға тарих мамандығының студенттері мен магистранттары қатысты.

«Ғылым және жастар» тақырыбындағы конференцияны кіріспе сөзбен ашқан тарих ғылымдарының докторы Лесқали Бердіғожин Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру мақсатында жастардың ғылыми ізденістерге ден қоюын және тың тақырыптарға мән беруін атап өтті.

Конференция барысында тарих мамандығының магистранттары Аслан Жанибековтың «С.Қондыбай: қазақ мифологиясына сына қағушы», Самал

Оракованың «Материалы источников по военному искусству кочевников Центральной Азии в позднесредневековый период», Айкүміс Тұрарбекованың Қазақстанда алғашқы оқу орындарының бой көтеруі (1920-1940), Самал Молдашеваның «Қазақстанның этномәдени бірлестіктері көпэтносттық азаматтық қоғам дамуының факторы», Саяжан Маратованың «Қазақстан мен Түркия арасындағы қоғамдық-саяси және мәдени байланыс тарихы (Тәуелсіздік жылдарында)», 1-курс студенттері Ақбота Асанованың «Өлкетанушы - Мұрат Бектенов», 2-курс студенттері Ерлан Баймағамбетовтің «Жүздердің зерттелуі» және Ырысгүл Серікбайқызының «Қазақ қоғамындағы батырлар орны: Әлия Нұрмахамедқызы Молдағұлова» тақырыбындағы баяндамалары мазмұндылығымен ерекшеленді.

Сонда-ақ осы күні «Атамекен» тарихшылар клубының кезекті мәжілісі өтіп, жастардың ғылыми ізденушілік жұмысын ұйымдастыру, өлке тарихының ақтаңдақ беттерін зерттеуге үлес қосу жайында пікір алмасу өтті. Факультеттің белсенді жастары Рашид Самат, Алменова Айзада, клуб президенті Жүніс Байғалиев, Жалғасова Райымгүл, Еркебұлан Мүтигуллин жастардың тарихи ұстанымды қалыптастыруда атқарылар жұмыстарға қатысты өз пікірлерімен бөлісті.

Жігер САКЕНОВ,
тарих магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ-ДАҢҒЫЛ ЖОЛ



Биылғы жылдың 24 - ші сәуір күні «Ғылыми кітапхана» мен «Педагогика» кафедрасы-лабораториясы бірлесіп, профессор Х.Досмұхамедовтың туғанына 135 жыл толуына орай «Халелтану: Тағылым, Жаңа көзқарас» ғылыми – тәжірибелік семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар белгілі қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым, педагог Х. Досмұхамедовтың кітап көрмесін көріп тамашалады. Сондай-ақ сол күні ғалымның өмірі мен шығармашылығы, «Х.Досмұхамедовтің таңдамалы» және Өмірзақ Озғанбайдың «Жарығы өшпейтін жұлдыз» зерттеу – кітаптарына библиографиялық шолу жасалды. Кеш соңында журналистика мамандығының 1 курс дублер – студенті (ғылыми кітапхана директорының м.а.) Талшын Қуандықова семинарға қатынасшыларға шыннайы лебізін жеткізіп, жаңа кітаптарды насихаттады.

Ғылыми кітапхана

Студенттер жеңіспен оралды

Биылғы жылы да студенттердің дәстүрлі пәндік олимпиадасына қатысқан университеттің тарих мамандығының студенттері үшін олжалы болды.

Жуырда Шымкент қаласында өткен «Мұражай ісі және тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау» мамандығы студенттері арасындағы X республикалық олимпиада өткен болатын. Оған тарихшы студенттеріміз Ырысгүл Серікбайқызы, Жүніс Байғалиев, Айзада Алменова қатысып, жүлделі екінші орынды иеленді. Олимпиада сайыстары қорытындысында университеттің «Атамекен» клубының президенті 3-курс студенті Жүніс Байғалиев «Үздік ізденуші» номинациясын иеленді.

Сондай-ақ 12 сәуірде Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Ғылым және білім-2018» атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясына гуманитарлық

бағыттағы тарих мамандығының 3 курс студенттері Әсел Шугаева мен Ғаламат Базарбаев қатысып қайтты. Нәтижесінде Ғаламаттың «Атырау өңіріндегі Сармат ескерткіштері» тақырыбындағы жасаған баяндамасы үздік деп танылып, жүлделі бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал Әсел «Қазақстанның батысында сақталған «Көрісу» мерекесінің рухани маңызы» тақырыбындағы баяндамасы үшін сертификатты иеленді. Екі студенттің де ғылыми баяндамалары ізденіс өзектілігі жоғары тақырыптар екендігі атап өтілді. Олимпиада және конференция барысында жетекшілік жасаған ұстаздары тарих ғылымдарының кандидаты Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының



аға оқытушысы Нағима Сармурзина болатын.

Жас ізденушілерді және олардың ғылыми жетекшісін жеңістерімен құттықтап, шығармашылық табыстар тілейміз!

Жігер САКЕНОВ,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

«Спорт – денсаулық кепілі» десек бүгінгі таңда оның қоғамымыздағы жастар үшін алатын орны да ерекше. Осы бағытта жыл сайын облысымызда ауқымды шаралар өткізіліп келеді. Бұл жастарымыздың спортқа деген қызығушылығын арттыра түспек. Соның бірі Атырау калалық әкімдігі мен облыстық жеңіл атлетика федерациясы бірлесіп, салауатты өмірді насихаттау мақсатында ағымдағы жылдың 13- мамыры күні "ATYRAU MARATHON 2018" калалық марафоны ұйымдастырған болатын. Оған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті де өз үлестерін қосуда. Яғни біздің осы оқу орнындағы Инновациялық білім беру факультетінің 1 курс студенті Әсет Қыран 10 шақырым қашықтықта бақ сынап, 1 орынды бағындырды.

Сондай-ақ 2018 жылдың 10-13 мамыр аралығында Монголия мемлекетінің астанасы Улан-Батор қаласында Самбо күресінен ерлер мен әйелдер арасында

өткен Азия чемпионаты өткен еді. Онда Атырау облысы Самбо федерациясының президенті Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Аралбаев Алпысбай Сейткалиұлының қолдауымен Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенттері Жұмабай Парасат және Қапсалиқова Саида қатысты. Жұмабай Парасат 62 кг салмақта дүбірлі додада бақ сынап, чемпион атанып, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындаса, Қапсалиқова Сайда 80 кг жоғары салмақта II орынды иеленді.

Осындай жетістіктерге қол жеткізіп, университетіміздің абыройын асқақтатып жүрген жастарымызды біз қашан да мақтан тұтамыз.

Айым КУСПАНОВА,
Инновациялық білім беру факультетінің Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі декан орынбасары

Военная кафедра АГУ им.Х.Досмухамедова



В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 июня 2016 года №344 при Республиканском Государственном предприятии в Атырауском государственном университете имени Халела Досмухамедова образована военная кафедра.

С целью подготовки мобилизационного резерва Республики Казахстан и комплектования Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований в мирное время военная кафедра обучает студентов (215 чел.) по программе офицеров запаса. (Приказ Министра обороны Республики Казахстан от 24 июля 2017 года №375 «Об утверждении Правил военной подготовки по программе офицеров запаса») по следующим военным специальностям:

С 2016 года - «Организация идеологической работы»;

С 2016-2017 годы - «Организация специальной пропаганды»;

С 2016 года - «Эксплуатация и ремонт корабельной радиотехнических средств и средств связи»;

С 2016 года - «Боевое применение общевойсковых подразделений, частей и соединений»;

С 2017 года - «Организация разведки»;

С 2017 года - «Организация службы войск и применение под-

разделений обеспечения безопасности и правопорядка»;

С 2017 года - «Организация физической подготовки и спорта».

На военной кафедре студентов обучают 14 преподавателей.

Военной кафедре предоставлено отдельно 1,2 этажи 5-этажного здания, в котором размещены 9 аудитории (2 кабинета на 60 посадочных мест), библиотека, электронный тренажерный тир «Профессионал» - с пистолетом «Макаров МР-654К» и автоматом Калашникова «ММГ-АК ПС», компьютерный класс, комната для хранения оружия, на прилегающей территории оборудован строевой плац.

Службные кабинеты и компьютерный класс оснащены оргтехникой, в пяти аудиториях (в том числе и в тире) установлено мультимедийное оборудование.

Обучение студентов проводится методом «военного дня» в соответствии с распорядком дня военной кафедры.

В октябре 2017 года в целях фор-



мирования у обучающихся патриотизма, преданности Республике Казахстан на базе кафедры создан военно-патриотический клуб «Сармат».

Для членов клуба приглашают ветеранов и представителей общественных организации. В рамках военно-патриотического воспитания студенческой молодежи и преемственности поколений преподавателями кафедры организовываются и проводятся различные встречи. К примеру, 13 февраля 2018 года прошел урок мужества, приу-

роченный к 29-ой годовщине вывода Советских войск из Афганистана. 14 апреля 2018 года студенты военной кафедры приняли участие в возложении венков памятнику воинов Отдельного сводного стрелкового батальона, принимавших участие в боевых действиях на участке Таджикско-Афганской границы и почтили память минувшей молчания.

Вместе с тем, со студентами и преподавателями военной кафедры проводятся встречи, круглые столы с теологами области, представителями правоохранительных и военно-правоохранительных органов, с ветеранами Афганской войны по вопросам противодействия экстремизма и терроризма, профилактики преступности, административных правонарушений и воспитанию патриотизма на примере ветеранов.

Военно-патриотическое воспитание направлено на формирование у молодежи любви к Родине, уважения к ее истории и национальным ценностям, верности долгу и боевым традициям, и очевидно, что особая роль здесь отводится Вооруженным Силам Республики Казахстан.

«Для защитника Отечества есть одна высокая категория, определяющая всю его деятельность - ДОЛГ, выше его нет ничего, остальное все связано с ним» - сказал когда-то легендарный Бауыржан Момышулы.

Для нас, военных, это призвание всей нашей жизни. Защита Отечества испокон веков являлось делом чести казахского народа, внутренним генетическим кодом нации.

Куандык БЕРДЫГАЛИЕВ,
Начальник военной кафедры



ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ

Өнерлі өрге жүзер» демекші бұл іргелі ұжымда да өнер иелерініріктеп таңдауда 25 сәуір күні Атырау мемлекеттік университетінде өзін-өзі басқару апталығы аясында «Екі жұлдыз» ән байқауы ұйымдастырылды. Университет қызметкерлері мен студенттері арасында өткен бұл игі шараның мақсаты өнерлі жастарды шығармашылыққа баулу, мәдени, рухани және отбасылық құндылықтарды сақтау болатын. Университетіміздің аруы атанған Дана Мұратова мен белсенді студенті Қуаныш Өтешовтың жүргізуімен болған бұл кешке 13 жұп үміткерлер қатынасты.

Көпжасар Меңдігереев – «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, Аружан Төлеген – вокалдық өнер мамандығының 1 курс студенті. Айна Жасболатқызы – көптілді білім беру факультетінің хатшысы, Серікқали Дархан – шетел тілі мамандығының 2 курс студенті. Айгүл Масалимова – «Экономика және құқық» факультетінің «Экономика» кафедрасының оқытушысы, Қуаныш Жәрдемөв – осы факультеттің 3 курс студенті. Айым Құспанова – «Инновациялық білім беру» факультетінің декан орынбасары, Байғазы Мұхитов – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1 курс студенті. Балнур Кереева – білім алушыларға қызмет көрсету орталығының басшысы, Райымбек Кәрімұлы – вокалдық өнер мамандығының 1 курс студенті. Жалғас Бағытжанов – жастар саясаты департаментінің маманы, Ляззат Айтпаева – гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің 2 курс студенті. Сәлімгерей Аймұратов – «Әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент, Қалия Төребаева – көптілді білім беру факультетінің 1 курс студенті. Айман Мусаева – ғылым департаментінің директоры, Нұрлан Серікбайұлы – «Жаратылыстану және ауыл шаруашылық факультетінің» 1 курс студенті. Бекет Кенжегулов – «Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің» деканы, Ақерке Сатыбалдиева – экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті. Арман Жұмағазиев – әкімшілік департаментінің директоры, Мөлдір Өтегенова – «Экономика және құқық факультетінің» 1 курс студенті. Гулнара Бердалиева – «Әскери кафедра» оқытушысы, Избасар Самиголлаев – музыкалық

білім мамандығының 1 курс студенті. Айгүл Сұлтанғалиева – «Психология және арнайы білім беру кафедрасының» оқытушысы, магистр, Бекслан Тұрсынов – «Вокалдық өнер мамандығының» 1 курс студенті. Жұпар Билялова – «Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің» оқытушысы және Рамазан Аманшиев – осы факультеттің 2 курс студенті.

Бұл орайда сайысқа қатысқан үміткерлерге әділ бағасын беруде Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның әншілері, ҚР мәдениет қайраткері – Ханзада Сақыпова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері – Қуандық Нұғмаров және Жас Отан ЖҚ мүшесі, облыс белсендісі Бекболат Амиржанов әділқазылар алқасының құрамында болды.

Бір айта кетері байқауға қатысушы жұптар жанды дауыста ән салып, сахналандырылған көрініс қойды. Көптің көңілінен шыққан әсерлі кеште өз шегіне жетіп, байқау қорытындысы шығарылды.

Айталық:
1 орынды – «Дос-Мұқасан» тобының әндерінен попури орындаған Айгүл Масалимова мен Қуаныш Жәрдемөв иеленсе,
2 орын – «Песенька про медведях» әнін сахналандырған Айман Мусаева мен Нұрлан Серікбайұлына бұйырды.

Ал 3 орынды – «Тақиялы періште» әнін орындаған Гулнара Бердалиева мен Избасар Самиголлаев алды.

Кеш соңында жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сертификаттар табысталып, байқауға қатынысушылар «2 жұлдыз» гимнін орындады.

Шараның өткізілуіне кәсіподақ комитетінің төрағасы Қылышбай Сүндетұлы қаржылай демеушілік жасады.

Арайлым НАРЕШОВА



«Қара орамал»....

Бала кезімнен өлең оқығанды жақсы көремін. Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал» поэма – реквиемін (аза жыры, жоқтау жыры) оқып, 1937 жылы жазықсыз ұсталып, кінәсіз атылып кеткен алаш ардақтарының тағдырына қатысты тұстарын тауып, зерттеу жұмысын жүргізуді қолыма алдым.

Ғ. Жайлыбай ақынның туған жері Қарағанды облысының аумағында ХХ ғасырда бейкүнә жандарды азапқа салған, бүгінгі күні музей – мұражайға айналған Долинка елді мекені бар екен. Қаламынан талай көркем жыр төгілген ақын осы қырғынды жастардың құлағына тағы бір құю үшін, ересектердің жүрегінде тағы бір аласапыран тудырып, өткен күндердің қасіретіне лағнет жаудыру үшін жазған тәрізді.

Бақыт Сарбалаұлы «Құрбандарға бағышталған Құран жыры» деген мақаласында былай деп жазады: «Ақын Ғалым Жайлыбай асқан шабытпен арадан қаншама жыл өтсе де, алып табытты тербетіп, осында жатқан қалың ардаққа жалын жырымен құран бағыштап, дұға оқыпты. Иә, «Қара орамал» – осынау құрбандарға арналған Құран жыры, Жаназа дастан». Ақын поэманы ақындық сұраудан бастайды:

Дүр сілкінтер дүниенің дүрмегі ауыр,

Күнде дабыр бұл тірлік күнде дауыл.
Алаш жұрты – азаптың аралы ма?

Қарағанды лагері. Бұл не лагерь?

Шынында да, біз тарих пен әдебиетті оқып, мектеп бағдарламасын меңгергенмен, ХХ ғасырдың ел басына төндірілген зұлматын ашық жазған шығармалар оқулыққа көп ене қоймаған. Сондықтан Ғалым ағаның поэмасы мені бірден-ақ қызықтыра бастады. Мәні үстіне ақын: «Ұрпақ мынау өткеннен не біледі, Сүйегімді сол сауал кеміреді», – деп қиналады. Ары қарай біртіндеп құпияның бетін аша береді.

Ірің толған ібіліс іреңінде,
Будақ – будақ бұлт көшкен бұл өңірде.

Қарағанды лагері – қара таңба
Ж и ы р м а с ы н ш ы ғ а с ы р д ы ң
жүрегінде.

Кешіріндер, жан аға, ақ аналар.
Сағаналар сөйлесін бағаналар.

Ж и ы р м а с ы н ш ы ғ а с ы р д ы ң
басындағы

Қарағанды лагері – қара орамал.

ХХ ғасырда қазақ үшін ібіліс бас көтерген, оның іреңі ірің, аспандағы нұрлы шуақ күнді будақ-будақ бұлт басқан. Елге тұтқа жан ағалар мен олардың жанына жарық берген ақ аналар морт сынған. Сол аяулы жандар туралы сағаналар (молалар) мен бағаналар ызындап айттып, ақын құлағына сыбырлайды. Ғалым аға қаламы жүйрік, ойы данышпан ақын екен. Маған бірден сол заманның келбеті жарқ етіп ашыла кетті. «Қарағанды лагері – қара таңба», «Қарағанды лагері – қара орамал» деген метафоралар арқылы алаштың ардақтыларын бүкіл отбасымен азапқа салып, баудай қырған лагерьді «қара орамал» деп алуы аса тапқырлық.

Жалпы, қара орамал – қазақ халқының көнеден келе жатқан символикалық мәнге ие атауы. Ол – ежелден өлімнің, қайғының, қасіреттің белгісі. «Қара жамылды» деген тіркес те осы мәнді білдіреді. Ертеректе адамы өліп, қайғыға тұскен үйдің, ауылдың сыртына қара жалау қадаған, қара орамал байлаған.

Дастан «Қарағанды лагері»,

«Қарлаг қақпасы», «Ахметжан Сармантайұлының «58-статья» күйі», «Қызжылаған», «Ирина Борхманның «Үзілген сапар» картинасы», «Мамочкино моласы», «Гармоншы. 1973 жыл», «Тас пен ас», «Қарлагтың қара кітабы», «Қоңыртөбе», «Үш қағыс» атты тарауша жырлардан тұрады. Әрқайсысы жеке-жеке оқиғалардан құралып, бір-бірін толықтырып, тұтас трагедиялық қиямет-қайымға айналған.

Қарағандыдағы «Алжир» лагері – «Акмолинский лагерь жен из-менников родины» деген атау ғой, яғни онда түк жазығы жоқ алаш азаматтарының аяулы жарлары азап шекті. Сол лагерьдің атын Ғалым Жайлыбай аға «Қызжылаған» деп алады. Қандай көрегендік! Онда тек әйелдер бар, олардың көкірегі қайғыдан қарс айырылып зар жылайды.

Ғазауытқа кезігіп ғасыл қайық,
Қырдан асып кеткелі ғасыр ғайып.
Аза бойды қаза ғып Ана біткен –
Аңырайды АЛЖИР –де шашын жайып.

Иә, ол жерде Сәкен атаның – Гүлбағрамы, Бейімбет атаның – Күлжамалы т.б. қайран апалар қорланып, азап көрген, зарығып – талығып қапастың азабын тартқан. Бірде Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлиннің жұбайы Күлжамалды АЛЖИР-ге іздеп барып жолықтырғанын Мұхтар Шахановқа әңгімелеп беріпті. Айтуы бойынша, Күлжамал апамыз Ғабит ағаға былай депті: «Осы лагерьдің қойын өзім әдейі сұранып бағып жүрмін. Ертелі-кеш тордың ішінде тапжылмай қамалып отырғанша, іштегі бар қасіретімді сыртқа шығарып, бар даусыммен айғай сап, жылап алсам, едәуір жеңілденіп қаламын».

Бұл лагерьде тіпті әйгілі балет бишісі Мая Плицескаяның анасы Рахиль Плицеская да отырыпты. Оны ақын былай береді:

Адамзаттың аймандай ары осында,
Рахиль Плицеская.....
Нанасың ба?

Бейімбеттің қой бақса Күлжамалы –
Рысқұлов Тұрардың жары осында.
Айдыны жоқ аққудай расында,
Жазбай жатып үзілген жыр осында.
Сұлулық пен нәзіктік атаулының
Тілім – тілім еріні...
Жүр осында.

Аққудай аппақ аналардың ошағындағы бақыт жыры үзіліп, айдынынан айырылып, сұлулығы адыра қалып, бұғауда жүргенін қалай ұтымды береді десеңізші. Аналар «Орап алып сүт аққан омырауын» Жалаңашкөл жанында жылап қала берді.

Жаңа туған балаларды аналарынан тартып алып, Балалар комбинаттарына тапсырады. Оның да вахтасы, қақпасы бар. Барактары және тікенек сымдары кәдімгі зонадан еш айырмашылығы жоқ. «Қарлагта» осындай 7 мекеме болған.

Шынымен де, ол сәбилер өздерінің жазықсыздығын да, бақытсыздығын да түсінбестен жер қойнына кете берді. Олар қарғауды үйренбеген, қарғысты білмейді, өйткені олар періштелер еді. Олардың даусын өзгелер естімейді. Оны жоғары әлемнен нұрлы өнер



қонған ақын ғана естиді. Оның жырын оқу

арқылы біз сияқты жас ұрпақ естиді. Болашақта ондай сұмдықтың қайталанбауын тілейді. Сол үшін күреседі, бақытты өмірдің кілтін алады.

Ал ақын жүрегі қан жылайды, қарс айырылады, себебі оның құлағы өзгелер естімес құпияны естиді. Сол сұмдық зұлымдықтан дірілдеген жүректен туған өлең жолдарынан қан тамшылағандай болады.

Қол бұлғандар!
Сол сапарға ермеймін,
Саны келіп,
Саны кеткен мендейдің.
Сай – сүйегім сырқырайды жола-сам –
Енді қайтіп бұл маңайға келмеймін...

...Жартастағы «Мамочкино моласы».

«Жақсы кітап-жан азығы»



Менің зерттеген тақырыбымдағы оқиға қазаққа сор боп жабысқан ХХ ғасырда болған еді. Аналар жазықсыз жазаға тартылып, өмірге келген сәбилерін қорғай алмай, бөпелері көрде, өздері түрмеде зар жылады. Ал қазіргідей еркін Қазақ елінде дүниеге келіп, барынша бақытты тұрмыс кешіп жатқан аналар өз құрсағына біткен шаранасын өздері қатыгездікпен өлімге қиып, әжетханаға тастап, жол бойына машина терезесінен лақтырып, не қақаған суықта қоқыс жәшігіне салып кетіп жатыр. Не деген зұлымдық! Бұны қалай түсінуге болады? Менің басым бұл сұраққа жауап таба алмай қиналады. Бір ғана ой санам келеді. Сол көкек аналар кішкене кезінде кітап оқымаған секілді көрінеді, себебі мен тілге тиек етіп

отырған шығарманы оқыған адам азғындықтан сақтанатын сияқты, баласын жолға лақтырмайды деп білемін. Жантүршігерлік қылмысқа бармайды. Иманды да ибалы адамға айналады, жаманшылыққа жоламайды. «Тәрбие тал бесіктен, өскен ортадан басталады», – дейді қазақ. Әрине, бүгінгі жаһандану үрдісіндегі қатыгез қоғам адамды әртүрлі етіп тәрбиелеуі сөзсіз. Сондықтан одан сақтану үшін әрбір жасөспірім кітап оқуы керек деп ойлаймын, әрине кітаптың да кітабы бар. Мен зерттеген Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал» дастаны – сондай үлгі берерлік туынды.

Атақты неміс ақыны Гете адамдарды оқыған кітаптарына қарай бағалаған.

Ал АҚШ-тың он алтыншы президенті А.Линкольн «Табысқа жетудің бір ғана жолы – кітап оқу», – деп бекер айтпаған. Ғалым Жайлы-



бай ақынның мен тілге тиек еткен шығармасында тарих та, табиғат та, боямасыз өмір де, философия, тіршілік, өлім мен қиыншылық та, адамдық қарым-қатынас та бар. Бұдан «Жақсы кітап-жан азығы» деген қорытынды шығаруға болады. Кітапты көп оқыған адамның жан дүниесі терең, сөз саптауы ерекше болары сөзсіз.

Қайғылы тағдыр бүгінге қалды жаңғырып,
Жаңғырып тұрып, санадан кетпеу заңдылық.

Қуғын-сүргіннің құрбаны болған жандарды,
Ұмытпау керек... ұмытылмау керек мәңгілік!

Назым ЖОЛДАСОВА,
Журналистика мамандығының
2-курс студенті

Atyrau university командасы чемпион атанды



Биыл Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры Талтенов Абзал Ахатұлының қолдауымен жаңадан студенттік баскетбол командасы құрылғанды. Оның құрамына университет

студенттері «Экономика және құқық» факультетінен Рамиль Капашев, Ильяс Жунусов, Алишер Тулеуов, Жангир Балгимбаев, Тимур Калиев, Аманжан Мұхиденов, «Инновациялық білім беру»

факультетінен Никита Наливайко, Глеб Жуков, Ынтар Нұрдаш, Нил Фомичев, «Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары» факультетінен Арнал Ағзанбек кірген болатын.

Жаңа команданың жаттықтырушысы болып, бұрынғы «Атырау Барысы» командасының капитаны, Қазақстан құрама командасының ойыншысы Қ.Р. спорт шебері Тулеуов Рустем тағайындалғанды. Алғашқы кезеңде Атырау қаласында өткен ойында бірінші орын алып, жеңіс тұғырынан көрінген бұл команданың ойыншылары екінші аймақта Ақтау қаласында өткен жарыста да бірінші орынды иеленді.

Сондай-ақ, 2018 жылдың 21-25 сәуір күндері Алматы қаласында өткен Ұлттық студенттер баскетбол лигасының финалдық ойындарында Қазақстанның ең

мықты студенттік командаларымен жарысқа түсіп, жеңісті қолдан бермей, намысқа тұрған студенттерімізден құралған «Atyrau university» командасы алғаш рет баскетболдан Қазақстан чемпионы атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша үздіктер қатарынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Ең үздік ерлер командасы» танылса, команда капитаны Тулеуов Рустем «Үздік тренер» номинациясы бойынша жеңіс төрінен көрінді.

Қашанда өздерінің мықтылығын дәлелдеп, намысты қолдан бермеген «Atyrau university» командасын жеңістерімен шын жүректен құттықтап, жеңімпаздарымызға алға қарай да жігерлі күш-қуат пен сәттіліктер тілейміз.

Б. Жалғасов

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Жақында Өскемен қаласында Қазақстан Республикасының Дзюдо күресінен чемпионат жарысы өткен болатын.

Осы жарыста 23 жасқа дейінгі жас аралықта 78кг салмақта қыздар арасынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

университетінің Инновация факультетінің 1-курс студенті Капсаликова Сайда топ жарып, чемпион атанды. Құттықтаймыз!

Еуропа чемпионатының алғашқы күнінде

Сербияның Зренянин қаласында қазақ күресінен 4 әлем чемпионаты басталар күннің алдында төрешілермен семинар-кеңес болып өтті. Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының ұйымдастырумен өткелі отырған бұл аламан жарысқа 17 елден командалар келіп қатысуға ниет білдірді. Еуропа біріншілігінде ерлер 6 салмақта және әйелдер де 6 салмақ дәрежелері бойынша төл күресімізден сынға түсетін болады.

Бүгінгі күні Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының өрелі еңбегінің нәтижесінде, әлемнің 5 құрлығында 30 астам мемлекетте төл күресімізден федерациялар ашылған. Ата күресімізден 7 әлем, 11 Азия чемпионаттары, 3 Әлем кубогі және 4 рет міне Сербияда еуропа біріншілігі ұйымдастырылып, қазақ күресі жыл сайын даму үстінде.

Сонымен Сербияда жалауын көтергелі отырған байрақты жарыс алдында әрбір елден келген бапкерлер мен төрешілердің бас қосумен алқалы отырыс болып өтіп, жарыстың жоғары деңгейді өтуі туралы пікір айтысып, пысықталды. Бұл семинар кеңесті жүргізген Азия құрлығының қазақ күресі федерациясының бас хатшысы, халықаралық дәрежедегі төреші Рафаэль Хабиров; төрешілерге қазақ күресінің ережелері туралы дайындаған бейне баянды саралып көрсетіп, анықтап түсіндіріп берді. Ия, әрбір өткен үлкен жарыстарда қазылық ететін төрешілердің біліктілігі жоғары болуы өте маңызды. Өйткені, ата күресіміз туралы Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының бектіп оны Біріккен күрес әлемі мойындап көп жылдан бері іске асырылып келе жатқан негізгі ережеміздің халықаралық деңгейді дұрыс қолдануы бозкілемде төрелік

етушілерге тікелей байланысты. Өмір болған соң барлығы болып жатады. Кейбір кездері ережеге жеңіл қарағандықтан балуанның бағы байланып арты өкіншпен аяқталып жатады.

Сондықтанда, темірдей тәртіп арқылы қалыптасқан қазақ күресі ережесін дұрыс қолдануда төрешілерге артылар сынның жүгі ауыр. Семинар-кеңестің барысында қазақ күресінің ұлттық дәстүрлі ат әбзелдерінің бірі қамшының да төреші қолында атқарар қызметі сөз етілді. Әрине, қамшы егер бозкілемнің шетінде тұрған балуанның бапкері, төрешінің шешіміне көңілі толмаған жаңдайда көтерітіндігі белгілі. Сондықтанда, Азия құрлығының қазақ күресі федерациясының бас хатшысы, халықаралық дәрежедегі төреші Рафаэль Хабиров осы мәселеге де ерекше тоқталып өтіп, төрелік еткенде ұмытпауларына назар аударды. Сонымен, қазақ күресіміздің ережелері жіптей тізіліп айтылып, төрешілер өздеріне қажетті ақпаратты толықтай ала білді. Енді, осы семинар-кеңестен ойларына түйіп алғандарын ертең байрақты сында еш қатесіз жол-жүйесімен қолданатын болады.

Ақын ОРДАБАЙҰЛЫ
Сербия. Зренянин қаласы



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
М. Мукашева - Бас редактор
В. Шигаев - дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров - фотограф
Ф. Балғужиев - кезекші редактор
Журналистер:

Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері.
Электрондық пошта - zhurnalistika@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #279
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынов көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана